

**Сарыагаш ауданы әкімі аппаратының және аудандық бюджеттен  
қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің  
қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыагаш ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 қарашадағы № 539 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 желтоқсанда № 2438 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыагаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 653 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыагаш ауданы әкімдігінің 09.12.2015 № 653 қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы  
сақталған.**

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы З мамырдағы № 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 қазандағы Жарлығының 2-тармағына сәйкес Сарыагаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Сарыагаш ауданы әкімі аппаратының және аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы  
**Ж.Әлсейтова** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудан әкімі Ә.Макұлбаев**

**Сарыагаш**

**2013**

**№ 539** қаулысымен бекітілген

**ауданы**

**жылғы**

**27**

**әкімдігінің**

**қарашадағы**

**Сарыагаш ауданы әкімі аппаратының және аудандық бюджеттен  
қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік  
қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Сарыағаш ауданы әкімі аппаратының және аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Зандарына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» 2005 жылғы 3 мамырдағы, «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» 2013 жылғы 1 қазандағы Жарлықтары мен жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес әзірленді және Сарыағаш ауданы әкімі аппаратының және аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

2. Осы Қағидалар Сарыағаш ауданы әкімі аппаратының және аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың барлық мемлекеттік қызметшілеріне (бұдан әрі – мемлекеттік орган) қолданылады.

## **2. Мемлекеттік қызметшілер мінез-құлқының жалпы қағидалары**

### **3. Мемлекеттік қызметшілер:**

1) зандылық қафидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жақтауға және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға, өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекет институттарының беделін түсіретіндей іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;

3) жеке және занды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мұдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге, олардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік пен сөзбүйдаға салу көріністеріне жол бермеуге, өтініштер бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қолдануға;

4) мемлекеттік қызметке, мемлекетке және оның институттарына қоғамның сенімін сақтауға және нығайтуға;

5) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

6) адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыйпайылық пен әдептілік танытуға;

7) мемлекет мұддесіне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуіне кедергі жасайтын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қараудың үлгісі болуға;

9) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға;

10) мемлекеттік және еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, берілген өкілеттіктерді тиімді иеленуге; мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін адал, турашыл, сапалы және кәсіби деңгейде атқаруға; жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға;

11) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде жеке және занды тұлғаларға артықшылық көрсетпеуге, олардың ықпалынан тәуелсіз болуға;

12) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

13) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендей белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге;

14) қарамағындағы мемлекеттік қызметшілерден олардың қызметтік міндеттерінен тыс тапсырмалар орындауды талап етпеуге; басқа адамдарды құқыққа қайши теріс қылықтар жасауға мәжбүрлемеуге;

15) басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызмет этикасы нормаларын бұзу фактілерін болдырмауға және олардың жолын кесуге;

16) өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

17) бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бере меге;

18) басшылардың тапсырмаларын орындау барысында тек объективті де анық мәліметтеп бере уғе;

19) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті, автокөлік құралдарын қоса алғанда, ұтымды әрі тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалануға;

20) ұжымда іскерлік өзара қарым-қатынасты және сындарлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал жасауға;

21) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен

**б іліктілігін**

**ар ттырұға;**

**22) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киімнің іскерлік қалпын  
ұсташуға** **тиіс;**

**23) басқа адамдарды құқыққа қайшы теріс қылықтар немесе жалпы жүрт  
таныған моральдық-этикалық нормалармен сыйыспайтын іс-әрекеттер жасауға  
мәжбүрлемеүге.**

**4. Мемлекеттік қызметшілер іскерлік этикетті сақтауға, ресми мінез-құлыш  
қағидаларын** **құрметтеуге** **тиіс.**

**5. Мемлекеттік қызметшілер қызметтік жағдайларын және онымен  
байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да  
коммерциялық емес ұйымдардың мүдделеріне, оның ішінде өзінің оларға  
көзқарасын** **насихаттау** **үшін** **пайдаланбауға** **тиіс.**

**Басшы лауазымдар атқаратын мемлекеттік қызметшілер бағынысты  
қызметкерлерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық  
емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды.**

### **3. Мемлекеттік қызметшілердің сыйайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлкы**

**6. Мемлекеттік қызметшілер сыйайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға  
,** **сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға** не сыйайлас жемқорлықпен  
жымдастан немесе сыйайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттерге жол  
бермеуі **тиіс.**

**Мемлекеттік қызметшілер басқа мемлекеттік қызметшілер тарарапынан  
болатын сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуі** **тиіс.**

**7. Мемлекеттік қызметші, егер сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық  
туралы анық ақпараты болса, мұндай құқық бұзушылықты болғызбау және  
тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолдануға, оның ішінде жоғары тұрған  
басшыға, өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органның басшылығына, уәкілетті  
мемлекеттік органдарға жазбаша нысанда дереу хабарлауға** **тиіс.** Мемлекеттік  
қызметші өзін басқа адамдардың сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар  
жасауға көндіру жағдайлары туралы да аталған адамдар мен органдарға жазбаша  
нысанда **дереу** **хабарлауға** **міндетті.**

**Мемлекеттік органның басшылығы ақпаратты алған күннен бастап бір ай  
мерзімде мемлекеттік қызметшінің сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар,**  
**өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндіру жағдайлары туралы мәлімдеулері**  
**бойынша,** оның ішінде тексерулер үйимдастыру және уәкілетті органдарға  
етініштер **жолдау** **арқылы** **шаралар** **қолдануға** **міндетті.**

**Мемлекеттік органның басшылығы сыйайлас жемқорлық құқық**

бұзушылықтардың, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндірудің анық жағдайлары туралы хабарлаған мемлекеттік қызметшіні оның құқықтарын, занды мүдделерін кемсітетін қудалаудан қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

8. Мемлекеттік қызметшілер жеке және занды тұлғалардың өз құқықтары мен занды мүдделерін іске асыруын қыындааттын іс-эрекеттерге (эрекетсіздікке) жол бермеуға тиіс.

9. Мемлекеттік қызметшілер мемлекетке экономикалық залалдың алдын-алу жөнінде барлық мүмкіндіктерді пайдалануы, жеке мүдделеріне және үшінші тұлғалардың мүдделеріне орай тексерулерге бастамашылыққа жол бермеуі тиіс.

10. Мемлекеттік қызметшілер жеке мүліктік және мүліктік емес пайдалар алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді қолданбауға тиіс.

11. Мемлекеттік қызметшілер мүдделер қақтығысын болғызыбау үшін шаралар қолдануы тиіс.

12. Мүдделер қақтығысы туындаған ретте, яғни мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделілігі және оның өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше атқаруының немесе жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің занды мүдделерінің арасында осы занды мүдделерге зиян тигізетіндегі қайшылық туындаитын жағдайда, мемлекеттік қызметші оның жолын кесу және реттеу жөнінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында көзделген шараларды қабылдауға міндетті.

#### **4. Көпшілік алдында сөйлеу**

13. Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органдың бұған уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалары жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікірсайысты әдепті түрде жүргізуі тиіс.

14. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызметтік ісінің мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

- 1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес немесе;
- 2) жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса;
- 3) мемлекеттің лауазымды тұлғаларының, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепке сай емес сөздер айтудан тұрса, көпшілік алдында білдіруіне болмайды.

15. Мемлекеттік саясатты жүргізумен, мемлекеттік органдың және мемлекеттік қызметшілердің қызметтерімен байланысты емес мәселелер

бойынша мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органның атынан жариялымдарына жол берілмейді. Педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет бойынша материалдар жариялауды мемлекеттік қызметші жеке тұлға ретінде тек өз атынан жүзеге асырады.

16. Мемлекеттік қызметшіге сыйбайлас жемқорлық жасаған деп көпшілік алдында негіzsіз айып тағылған жағдайда, ол осындай айыптауды анықтаған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

## **5. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы**

17. Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстануға, қоғамға жат мінез-құлқы жағдайларына жол бермеуге тиіс.

18. Мемлекеттік қызметшілер қарапайымдылық танытуға, көлік, сервистік және өзге де қызметтерді алу кезінде мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға, өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себеп туғызыбауға тиіс.